

**Мектепке дейінгі бала
тәрбиесіндегі
ойын –қойылымдары
(драматизация)**

Мақсаты

**Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту;
Сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу.**

**Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;
Театрлық іс - әрекетті ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.**

Міндеттері

- Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын жетілдіру.
- Балаларды адамгершілікке баулу, ойлаған ойын нақты жеткізе алу, салмақты ой тудыруға баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

“Драма” оқу іс-әрекет мазмұны

“Драма” мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған.



Артикуляциялық дағдылар



**Тыныс алу және
артикуляция**



**Мақам және
интонация**

**Қимыл үйлесімділігінің
дағдылары**



**Ырғақ сезімі және қимыл
үйлесімділігі**

**Коммуникативтік –тілдік
және ойын дағдылары**



**Бірлесе әрекет ету
тәсілдері**

Тыныс алу және артикуляция

Ілікпе сөз бен фразаларды айтуда тыныс алуды реттеу

Түрлі эмоция мен сезімді білдіру үшін дауыс күшінің түрлі дәрежесін қолдану

Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту

Интонацияларды ажырата алу және оларды айту

Ырғақ сезімі және қимыл үйлесімділігі



Командаға немесе музыкалық белгіге сәйкес әрекет ету

Өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру, оның қалай әрекет ететінін алдын ала сезу



Кеңістікте бағдарлау (сахнада, ойластырылып құылған сахна алаңында) түрлі қарқында қозғалу

Тірі ағза мен заттардың бейнесін мимика, ым-ишара және дененің ырғақты қимылы арқылы жасау

Бірлесе әрекет ету тәсілдері



Сюжеттік ролдік ойындарға қатысу

Өз ойын құрдастарының ортасында білдіру, басқалардың пікірін тыңдай білу

Заттармен ойыншықтармен таныс іс-әрекетті жаңа ойын жағдаятына көшіру



Басқа кейіпкерлермен ролдік қарым- қатынасқа түсу

Түрлі қуыршақтарды (киімелі, сылдырмақты) пайдаланып, қуыршақ басқарудың кейбір әдістерін білу

Мимика, ым-ишара, дауыс ырғағы, ойын атрибуттарын қолданып, таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау